

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік
қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша талдамалық анықтама**

15 маусым 2022 жыл

Қызылорда қаласы

1. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) «Кадрлар және іс жүргізу» бөлімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға және «ҚЭТТК» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің төрағасы Е.Жаңабаевпен 15 сәуір 2022 жылы бекітілген «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицерінің 2022 жылдың сәуір-желтоқсан айларында атқаратын жұмыс жоспарының 6- тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды - «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицері Б.Ш.Кушимбаев жүргізді.

4. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кадрлар және іс жүргізу бөлімінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кадрлар және іс жүргізу бөлімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Кадрлар және іс жүргізу бөлімі «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Басқарма Төрағасына тікелей бағынады.

Бөлім өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін, Қоғамды және маңызды болып табылатын серіктес елдердің заңнамасының негіздерін басшылыққа алады. Қоғамның қызметіне, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау ережелері мен ережелеріне, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдеріне, ҚР СТ ИСО 9001 халықаралық стандарттарына. ISO 14001. OHSAS 18001. ISO 50001-2012, осы лауазымдық нұсқаулық, Департамент туралы ереже және Қоғамның басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы. Әйтеке би көшесі, №25

6. Кадрлар және іс жүргізу бөлімінің кадрлық құрамы:

Бөлімде 7 қызметкер жұмыс атқаруда, нақтырақ:

1. Бөлім басшысы;
2. Жетекші маманы;
3. Мемлекеттік тіл жөніндегі маманы;
4. Персоналмен жұмыс жасау жөніндегі маманы;
5. Архивариус-маманы;
6. Офис-менеджері;
7. Әкімшілік көмекшісі.

Бөлім қызметкерлері - Басқарма төрағасымен бекітілген бөлім ережесімен және қызметкердің функционалдық міндеті көрсетілген қызметтік нұсқаулықтары негізінде қызмет атқарады.

7. Бөлім функциялары:

1. Кадрлық жұмыс, атап айтсақ:

а) жұмысқа қабылдау (үміткерлер түйіндемелерін карау, кадрлар тұрақтамаушылығын талдау, бос орындарын талдау, еңбек кітапшаларды толтыру, жеке карточкалармен жұмыс жасау, т.с.с.);

б) еңбек шарттарын жасау;

в) жеке материалдық жауаптылық туралы шарттарын жасау;

г) облыстық еңбек саласында бақылау жасау басқармасымен жұмыс жасау (еңбек даулары, қызметкерлер шағымдары)

д) қалалық қорғаныс жөніндегі басқармасымен жұмыс жасау;

е) мұрағат басқармасымен жұмыс жасау;

ж) канцелярия жұмысы (хаттар, өтініштерді қабылдау, өтініштер мерзімін бақылау, құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасымен жұмыс жасау (ЦПСИ), «Е-Өтініш» жүйесі аясында жұмыс жасау (мемлекеттік органдар жүйесі арқылы келіп түскен өтініштер)

з) студенттердің өндірістік тәжірибесі төңірегінде білім беру мекемелерімен жұмыс жасау;

е) кадрлық өкімгерлік құжаттамасын жасау (ресімдеу, жасау, бекіту, тарату, таныстыру)

2. Жоғары тұрған органдарымен қоса мәтіндерді мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару.

3. Үміткерлерді жұмысқа қабылдау барысында мемлекеттік органдармен жұмыс жасау (соттылық, әкімшілік айыппұлдар болуы/болмауын тексеру).

4. Білім беру қызметтерін көрсетумен айналысатын орталықтармен жұмыс жасау (оқыту семинарлары, дәрістерді ұйымдастыру).

Қоғамда бос орын пайда болған кезде, Enbek.kz сайтына жарияланып, жұмыссыздық ретінде тіркелген үміткерлер, мамандығы бойынша, Кадрлар және іс жүргізу бөліміне келіп, арнайы тағайындалған жұмысқа қабылдау комиссия отырысына шақырылады. Болған жағдайда бірнеше үміткерлер шақырылады. Жұмысқа қабылдау комиссиясының шешіміне сәйкес, үміткер жұмысқа қабылданады.


Жоғарыдағылардың негізінде, «Кадрлар және іс жүргізу» бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жою мақсатында ұсыным:

1) «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамында пайда болған бос орындарды Enbek.kz сайтына жариялауды жалғастыру;

2) «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамына жаңадан қабылданған қызметкерлерге, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңын және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жазбаша таныстыру жалғастырылсын.

Комплаенс офицер



Б.Кушимбаев